

Г. Е. Мауленкулова*, **Қ.Қ. Мамутова**, **А. Ғ. Сейданова**

Э.ғ.к., доцент М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

Э.ғ.к., қауымдастырылған профессор М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

магистрант М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

***Корреспондент авторы:** maylenkylova@mail.ru

ЭКОНОМИКАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДЕГІ САЛЫҚ САЯСАТЫНЫҢ РӨЛІ

Түйін

Мемлекеттің өмір сүруіне әрдайым ақшаның қажетсінуі мемлекеттің сыртқы агрессиядан қорғануы, қоғамдық тәртіпті сақтау, жол салу, мемлекеттік аппаратты ұстау, халықтың аз қамтылған топтарын әлеуметтік қолдау, табиғи апаттарды жою, басым бағытты салаларды дамыту сияқты қоғамдық қажеттіліктерді реттеумен байланысты тарихи тұрғыдан салықтардың пайда болуына алып келіп отыр. Салықтар тек қаржы құралы қызметін ғана атқармайды, сонымен бірге ол саяси құбылыс. Салық саясаты экономикалық саясатпен анықталады. Бұл бүкіл мемлекеттік секторға әсер ететін, бірақ салықтық қисынға қайшы келмейтін белгілі - бір заңдарды алға тартатын тәуелсіз сала. Мақалада салық саясаты салық жүйесін дамытудың оңтайлы теориялық тұжырымдамасын яғни, елдің және аймақтардың экономикалық жағдайын нығайтуға, экономикалық дамуға, экономика мен қоғамның мүдделерін үйлестіруге бағытталады және салық саясатының экономиканы мемлекеттік реттеудегі рөлі мен мәні анықталады.

Кілттік сөздер: мемлекеттік реттеу, салық жүйесі, салық саясаты, салық жүктемесі, құралдар, тұжырымдамалар.

Кіріспе

Салықтар жоспарланған мемлекеттік шығыстарды қаржыландыру үшін, сондай-ақ әкімшілік, экономикалық және әлеуметтік қажеттіліктерге арналған шығыстарды қамтамасыз ету үшін қажет. Салық мемлекеттік бюджетте ерекше маңызға ие болғандықтан әр бір елдің өзіндік салық саясаты мен салық жүйесі бар. Сәйкесінше мемлекет салық саясатын анықтап, жеке және заңды тұлғалардың табысына, шығыстарына, мүлкіне салық салуды жүзеге асырады. Салық саясаты салық саласында мемлекеттің жүзеге асыратын іс-шаралардың кешенімен, мақсатты жүйесімен анықталады. Қазақстандағы экономикалық реформаның табысты жүзеге асырылуы әсіресе елдің салық жүйесін қайта құру қай бағытта жүретініне, мемлекеттің салық саясаты уақыт талаптарына қаншалықты жауап беретініне байланысты екені анық. Сондықтан да салық жүйесі маңызды экономикалық реттеушілердің бірі, экономиканы мемлекеттік реттеудің қаржылық-кредиттік тетігінің негізі болып табылады.

Салық саясаты бұл мемлекеттің, қоғамның жекелеген әлеуметтік топтарының қаржылық қажеттіліктерін қамтамасыз ету, сондай-ақ қаржы ресурстарын қайта бөлу есебінен ел экономикасын дамыту мақсатында елдің салық жүйесін қалыптастыруға бағытталған мемлекеттің экономикалық, қаржылық және құқықтық шараларының жиынтығы[1]. Салық саясаты барлық қоғамдық салаларға әсер ететін экономикалық саясатпен анықталады, бірақ бұл салық логикасына қайшы келмейтін белгілі бір заңдылықтарға әсер ететін тәуелсіз сала.

Теориялық талдау

Салық жүйесін дамытудың оңтайлы теориялық тұжырымдамасын әзірлеу және таңдау, оны іс жүзінде жүзеге асыру – мұның бәрі жиынтықта салық саясатын анықтайды. Мемлекеттік сектор неғұрлым үлкен болса, оның әділ және тиімді салық жүйесіне ие болуы маңызды роль атқарады. Экономикалық ғылымда негізгі үш үлгісі қарастырылады. Бірінші үлгі ақылға қонымды салық саясатында орташа салық жүктемесі, ең төменгі мемлекеттік инвестициялар,

орташа әлеуметтік шығындар белгіленеді. Екінші үлгі максималды салық саясатында ең жоғары салық жүктемесі, мемлекеттік инвестициялар, әлеуметтік шығыстар жатады. Үшінші үлгі экономикалық даму саясатында ең төменгі салық жүктемесі, орташа мемлекеттік инвестициялар, ең төменгі мемлекеттік шығыстар белгіленеді.

Мемлекеттік іс-шаралардың көпшілігі салық салу арқылы қаржыландырылатындықтан мемлекеттердің салық саясатының негізгі мақсаты мемлекеттік шығындарды жабу үшін ақшалай қаражаттарды тарту болып табылады. Сонымен қатар салық саясатының кірістерді қамтамасыз етуге қатысы жоқ экономикалық, әлеуметтік, бақылау, халықаралық, фискалдық, экологиялық мақсаттары бар. Жоғарыда аталған барлық факторларға әсер ете отырып, салық саясаты экономикалық дамуды қамтамасыз етуге маңызды рөл атқарады.

Нарықтық жағдайда тиімді салық саясаты маңызды мәнге ие болады, ол арқылы әлеуметтік қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін қаржы ресурстары жинақталады, сондай-ақ экономикалық қатынастар реттеледі. Салық саясаты мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық процестерге әсер етуінің белгілі-бір дәрежесімен анықталады және әлемдік экономикадағы даму үрдістерінің әсерінен өзгерістерге ұшырап, әр дайым жетілдіріліп отырады. Тұтастай алғанда, салық саясатының қызмет ету мақсаты салық саясатының әртүрлі субъектілерінің экономикалық мүдделері арасында ғылыми негізделген келісімдерге қол жеткізу арқылы салық жүйесін жаңғырту жөніндегі шараларды әзірлеу және оны іске асыру болып табылатынын атап өтуге болады. Сондықтан салық саясаты қазіргі жағдайда мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық даму міндеттерінің жиынтығын барынша тиімді шешуді қамтамасыз етуші негізгі құралдардың бірі болып табылады [2].

Нарықтық экономиканың жағымсыз құбылыстарына әсер ету үшін мемлекет салық саясатын реттеуші ретінде кеңінен қолданады. Мемлекеттің қоғамның тиімді инновациялы-экономикалық дамуы мен әлеуметтік салаларын сапалы қорғауға ықпал ететін негізгі факторы салықтық реттеу. Салықтық реттеудің фискалдық мақсаты салықтар есебінен бюджетті барынша толтыруға бағыттайды, реттеуші мақсаты қоғамның әртүрлі топтары арасында мемлекеттік және жеке мүдделер қатынасын тепе-теңдікте ұстауға бағытталады, ал ынталандырушы мақсат мемлекеттің басым бағыттағы салаларда салық ауыртпалығының төмендеуі және басқа салаларды оның өсуін қамтамасыз етеді [3]. Бұл әлеуметтік тұрғыдан маңызды, бірақ қызметінің тиімділігі төмен салалар үшін салықтар азайып, кәсіпкерліктің тиімді экономикалық салаларында жоғары мөлшер бойынша алымдар алынатынын білдіреді.

Нәтижелер мен талқылау

Бүкіл халық шаруашылығының тиімді жұмыс істеуі салық салу жүйесінің қаншалықты дұрыс құрылғанына байланысты болғандықтан салықтар, бүкіл салық жүйесі сияқты, нарық жағдайында экономиканы басқарудың қуатты құралы [4]. Салық саясатының ерекшелігі қойылған мақсаттарға қол жеткізу құралдарын тиімді, икемді пайдалануында. Мемлекет салық жүйесінің негізгі құралы дәл болжауға келе бермейтін кірістерді арттыру үшін салық жүйесінің көрсеткіштерін түзете отырып, салық түрлерін, элементтерін, жеңілдіктерін белгілейді. Сонымен қатар мемлекет үшін салықтық реттеудің ең басты мақсаты бюджет тапшылығын жабу ғана емес, экономиканың орнықты дамуы үшін азаматтардың жинақтарын шоғырландыру болуы керек. Мемлекеттің, құқықтың және экономиканың өзара іс-қимыл механизмін зерттеу кезінде салық саясаты тұжырымдамасының мазмұнын зерттеуге ерекше назар аудару керек, ол салықтық реттеу құралдарына да байланысты. Салықтық реттеу құралдарына салық салу субъектілері, объектілер, салық салу базасы, салық мөлшерлемесі, салық төлемдерін төлеу көздері, жеңілдіктер, айып пұлдар, салық төлемдерін аудару мен мемлекеттік инспекцияға есептер беру мерзімдері болып табылады. Салықтық реттеу құралдарының негізгі міндеттеріне біріншіден өндірісті жаңарту есебінен салық төлеушілер санын көбейту арқылы салық әлеуетін кеңейту, екінші міндеті салықты төлету мақсатында салық төлеушінің іс-әрекетін бақылау және

қадағалау, үшінші міндетіне мемлекеттік бюджетке салық түсімдерінің көбейтудің бос қорларын анықтау жатады.

Бүкіл халық шаруашылығының тиімді жұмыс істеуі салық салу жүйесінің қаншалықты дұрыс құрылғанына байланысты. Дамыған елдердің тәжірбиесі салықтық ынталандыру жүйесін ұйымдастыру қағидаттарының кешенін әзірлеп, экономикасының табысты дамуы үшін кеңінен пайдалануда [5]. Бірақ бұл салық жеңілдіктерін қолдану бюджеттің кірісіне де, экономиканың институционалды субъектілері мен жеке экономикалық мүдделерге де зиянын тигізбеуі керек. Салықтық реттеудің тиімді болуын қамтамасыз ету үшін салық қатынастары тараптары мүдделерінің теңгерімін сақтау және салық жеңілдіктерін беру салдарына сараптама жүргізу үшін мемлекеттің жіті бақылауы қажет.

Кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі салық мөлшерлемесімен реттеледі, яғни салық ставкаларының төмендеуі инвестициялар ағыны мен ұдайы өндіріс көлемінің ұлғаюына әкеледі. Салықтық кредиттерді қолдану басым салалардың дамуына атап айтсақ шағын кәсіпкерлікті ынталандыра отырып, инновациялы, экспорттық, жасыл технология өнімдердің артуына алып келеді. Қазақстан Республикасында арнаулы салық режимдері ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші заңды тұлғаларға, шағын бизнес субъектілеріне, кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлеріне, шаруа қожалықтарына қолданылады. Арнайы салық режимі шағын бизнес субъектілері үшін төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығын қоспағанда, әлеуметтік салықты және корпоративтік немесе жеке табыс салығын есептеу мен төлеудің оңайлатылған тәртібін белгілейді. Жеке табыс салығы бойынша бюджетпен есеп айырысуды растайтын біржолғы талон арнаулы салық режимін қолдану құқығын куәландыратын құжат болып табылады. Патент арнайы салық режимін қолдану құқығын куәландырып, бюджетке салық төлемдерін төлеу фактісін растайды. Шағын бизнес субъектілері салықтарды есептеу мен төлеудің, сондай-ақ олар бойынша салық есептілігін табыс етудің жоғарыда айтылып өткен тәртібінің біреуін ғана дербес таңдауға құқылы.

Салық салу объектісі Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде алынуға жататын кірістердің барлық түрлерінен тұратын салық кезеңі үшін табыс болып табылады. Төлем көзінен салық салынбайтын мүліктік табыс және дара кәсіпкердің өзге де кірістері салық салу объектісі болып табылмайды. Патент негізінде бюджетпен есеп айырысуды жүзеге асыратын жеке кәсіпкер үшін салық кезеңі күнтізбелік жыл болып табылады. Ал жеңілдетілген декларация негізінде бюджетпен есеп айырысуды жүзеге асыратын шағын бизнес субъектісі үшін — тоқсан. Арнайы салық режимін қолданатын шағын бизнес субъектілері кәсіпкерлік қызметтің бірнеше түрін жүзеге асырған жағдайда табыс қызметтің барлық түрлерін жүзеге асырудан жиынтық түрде алынады. Арнайы салық режимін қолданатын және қосылған құн салығын төлеушілер болып табылатын шағын бизнес субъектілері үшін қосылған құн салығының сомасы салық кезеңіндегі табысқа енгізілмейді. Патент құнын есептеуді жеке кәсіпкер алынған табысынан 3% пайыздық мөлшерлемені қолдану жолымен есептеледі [6]. Патенттің құны бюджетке жеке табыс және әлеуметтік салықтар түріндегі тең үлестермен төленуге жатады. Жеңілдетілген декларация негізінде арнаулы салық режиміне көшу үшін салық кезеңі басталғанға дейін шағын бизнес субъектілері қызметті жүзеге асыру орны бойынша салық органына нысандар бойынша өтініш береді [7]. Қазақстанда шағын және орта бизнеске арналған арнайы салық режимдері салықтық жеңілдіктер беру үшін және есеп айырысуды, есептілікті, салық төлеуді жеңілдету мақсатында пайдаланылады. Қазақстанда салық режимдердің алуан түрлілігі бар және шағын және орта бизнес ұзақ уақыттан бері салықтық жеңілдіктеріне ие болуына қарамастан, даму деңгейі әлі де төмен. Экономикасы дамыған елдерде ЖІӨ-дегі үлесі 50-60% - дан асады. Ресми статистикалық деректерге сүйенсек Қазақстанда шағын және орта бизнестің ЖІӨ-дегі үлесі 2022 жылы 36,5% - құрап, 2021 жылмен салыстырғанда 3,2 пайыз өсім көрсеткен. Бұл өсім нақты жағдайды дұрыс көрсете алмайды. Өйткені шағын және орта бизнесті субъектісі тек бір көрсеткіш қызметкерлердің орташа

жылдық саны бойынша анықталып, сатудың орташа жылдық айналымы көрсеткішін ескерілмейді. 2014 жылға дейін статистика екі көрсеткішті де қолдана отырып халықаралық тәжірибеге сәйкес келді. Алайда, 2014 жылдан бастап статистика тек бір критерийді ескерді – жұмысшылардың орташа жылдық саны, соның салдарынан шағын штаты бар, бірақ ірі компаниялар сияқты сауда айналымы бар компаниялар шағын және орта бизнес санатына кірді. Атап айтқанда, 2022 жылғы сәуірде бекітілген шағын және орта бизнесті дамытудың тұжырымдамасына сәйкес жылдық айналымының мөлшері бойынша ірі компанияларға жататын компаниялардан шағын және орта кәсіпкерлік нысаны бойынша деректерді тазартатын болсақ, онда 2020 жылы ЖІӨ-дегі шағын және орта бизнестің үлесі 32,8% - дан 12,7% - ға дейін төмендейді. Шағын штаты бар, бірақ ірі компаниялар сияқты сауда айналымы бар шағын және орта бизнес үшін салық жеңілдіктерін пайдалану арнайы салық режимдерінің тағы бір үлкен мәселесі болып табылады. Біз шағын және орта бизнесті екі көрсеткіштері яғни, бизнестің табыс деңгейі және жалдамалы жұмысшылар саны бойынша дұрыс жіктеуге көшіру статистика мақсаттары үшін де, арнайы салық режимдері бойынша салық салу мақсаттарында пайдалану үшін де өте маңызды деп санаймыз.

Қорытынды

Отандық әдебиетте салық саясаты ұғымын қалыптастыру мәселесі ең тиімді құралдарды іздеуге байланысты. Қазақстанның салық жүйесі ғылыми-техникалық прогресті ынталандыру, отандық өндірушіні әлемдік нарыққа жоғары технологиялық, бәсекеге қабілетті өнімді шығару, кәсіпкерлік өндірістік қызметті және инновациялық-инвестициялық белсенділікті ынталандыру, заңды және жеке тұлғалардан салық өндірудің баламалылығы мен тепе теңдік, салықты төлеуде әлеуметтік әділеттілік, экономикалық тиімділік сияқты маңызды қағидаттарға негізделеді. Бір қарағанда, салық мөлшерлемесін көтеру мемлекетке тиімді болып көрінуі мүмкін. Шындығында салық жүктемесін дұрыс реттеу қажет. Салықты дұрыс реттеу және негізгі құралдарды қолдану ғана елдің тиімді экономикалық дамуына ықпал етеді. Осы негіздерді ескере отырып, ұлттық экономикалық жүйелердің жұмыс істеуінің қазіргі жағдайында салық саясаты икемді болады, экономикалық дамудың өзгеруіне, тиімді қызметті қамтамасыз ету қажеттіліктері мен жағдайларына, нарық субъектілерінің инвестициялық және инновациялық қызметін жандандыруға бейімделеді. Жоғарыда айтылғандардың барлығын іске асыру үшін мемлекеттің, құқықтың және экономиканың өзара іс-қимылы қажет. Нарықтық экономикасы дамып келе жатқан мемлекеттерде мемлекеттің экономикалық құбылыстарға ішінара араласуымен сипатталып, салық саясаты ерекше орын алады. Мұндай елдер құқықтың жаңа салаларының пайда болуына сүйене отырып, салық құқығына ерекше көңіл бөлу жағдайында құқықтық іс-қимыл тетігінің құралдарын қалыптастыру мүмкіндігіне ие болады. Егер нарықта экономиканың даму деңгейі жоғары болса, онда мемлекеттің экономикалық процестерді реттеуінің минимумын байқаймыз. Бұл ретте мемлекет өзінің материалдық ресурстарын қалыптастыруға қабілетті болады. Салық саясатының табысты дамуы бұл мемлекеттің әлеуметтік реттеуші ретіндегі қызметін сапалы жүзеге асыруы. Мемлекет салық төлеушілер үшін оңтайлы салық мөлшерін белгілеп, өндірістің өсуіне ықпал ете отырып, салықтарды жинайды және бюджетті толықтырады.

Әдебиеттер тізімі

1. Ганусенка, Е.В. Налоговая политика в механизме взаимодействия государства, права и экономики /Сибирский юридический вестник. 2017, №1, С. 15-22.
2. Малис, Н.И. Налоговая политика государства. Учебник и практикум для академического бакалавриата /– М.: Издательство Юрайт, 2014, 388 с.
3. Overview of the French tax system // https://www.impots.gouv.fr/portail/files/media/1_metier/5_international/french_tax_system.pdf. 01.10.2024

4. Walczak J., Drenkard S. State and Local Sales Tax Rates in 2017 // <https://taxfoundation.org/state-and-local-sales-tax-rates-in-2017>. 20.04.2020.
5. Walsh K. Understanding Taxpayer Behaviour – New Opportunities for Tax Administration // The Economic and Social Review. 2012, Vol. 43, №3, P. 451-475.
6. Wu C. More unequal income but less progressive taxation // Journal of Monetary Economics. 2021, T. 117, С. 949-968.
7. Jakobsen K. et al. Wealth taxation and wealth accumulation: Theory and evidence from Denmark // The Quarterly Journal of Economics. – 2020, T. 135, №. 1, С. 329-388.

Мауленкулова Г. Е.*, Мамутова К. К., А. Г. Сейданова
к. э. н., доцент, ЮКУ М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан
к. э. н., ассоциированный профессор, ЮКУ М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан
магистрант, ЮКУ им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан
***Автор для корреспонденции: maylenkylova@mail.ru**

РОЛЬ НАЛОГОВОЙ ПОЛИТИКИ В ГОСУДАРСТВЕННОМ РЕГУЛИРОВАНИИ ЭКОНОМИКИ

Аннотация

Постоянная потребность государства в деньгах исторически обусловлена возникновением налогов, связанных с регулированием общественных потребностей, таких как защита государства от внешней агрессии, охрана общественного порядка, строительство дорог, содержание государственного аппарата, социальная поддержка малообеспеченных слоев населения, ликвидация стихийных бедствий, развитие приоритетных отраслей. Налоги служат не только финансовым инструментом, но и политическим явлением. Налоговая политика определяет оптимальную теоретическую концепцию развития налоговой системы, т. е. комплекс мер по разработке, выбору, практической реализации социально-экономической политики государства. Это независимая отрасль, которая, как известно, затрагивает весь государственный сектор, но не противоречит налоговой логике - продвигает определенные законы. В статье рассматривается оптимальная теоретическая концепция развития налоговой системы, т. е. направлена на укрепление экономического положения страны и регионов, экономическое развитие, гармонизацию интересов экономики и общества, определяется роль и значение налоговой политики в государственном регулировании экономики.

Ключевые слова: государственное регулирование, налоговая система, налоговая политика, налоговая нагрузка, инструменты, концепции.

G. E. Maulenkulova*, K. K. Mamutova, A. G. Seidanova
Candidate of Economic Sciences, Associate Professor, M. Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan
Candidate of Economic Sciences, Associate Professor, M. Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan
master's student, M. Auezov SKU, Shymkent, Kazakhstan
***Corresponding Author's Email: maylenkylova@mail.ru**

THE ROLE OF TAX POLICY IN STATE REGULATION OF THE ECONOMY

Abstract

The constant need for money for the existence of the state has historically led to the emergence of taxes associated with the regulation of public needs, such as protection of the state from external aggression, protection of Public Order, road construction, maintenance of the state apparatus, social support for low-income segments of the population, elimination of natural disasters, development of

priority industries. Taxes serve not only as a financial instrument, but are also a political phenomenon. Tax policy is determined by economic policy, being an independent sphere that affects all public spheres, but contributes to certain patterns that do not contradict tax logic. The tax policy determines the optimal theoretical concept of the development of the tax system, i.e. a set of measures for the development, selection, and practical implementation of the socio-economic policy of the state. This is an independent industry, which, as you know, affects the entire public sector, but does not contradict tax logic - it promotes certain laws. The article considers the optimal theoretical concept of the development of the tax system, i.e. It is aimed at strengthening the economic situation of the country and regions, economic development, harmonization of the interests of the economy and society, the role and importance of tax policy in state regulation of the economy is determined.

Key words: state regulation, tax system, Tax Policy, tax burden, tools, concepts.

Қатынасхаттар үшін жауапты автор туралы ақпарат:

Мауленкулова Г. Е. 87017751295,

e-mail: maylenkylova@mail.ru

Information about the author responsible for contacts:

G. E. Maulenkulova 87017751295,

e-mail: maylenkylova@mail.ru

Информация об авторе, ответственном за сообщения:

Мауленкулова Г. Е. 87017751295,

e-mail: maylenkylova@mail.ru